Мәселелер айтылып, түсіндірме жүргізілді. Ата-аналардың сұрақтарына жауаптар беріліп, ой-пікірлер айтылды.

<https://www.facebook.com/share/p/17w7CQWTnb/>

"АСЫҚ АТУ" ЧЕЛЛЕНДЖІ

"9 АЙҒА 9 ІС-ШАРА" ЖОБАСЫ

Мектепте 2023 жылдың 17 қараша күні "9 айға 9 іс-шара" жобасы аясында ұлттық дәстүрді және ойынды дәріптеу мақсатында республикалық "Асық ату" челленджі өткізілді. Челлендж барысында білім алушылар "БЕС АСЫҚ", "БЕСТАБАН", "ХАНТАЛАПАЙ" ойындарын ойнады. Ұлттық ойындардың бірі – асық ойыны баланың ой-өрісін және көкжиегін кеңейтеді, мінезін төзімділікке, қозғалысын дәлдікке ептейді, көздің көру қабілетін арттырады. Сондықтан мектепте ұлттық ойын түрлерін жаңғырту және насихаттау үшін оқушыларды асық ойынына баулу басты құндылықтардың бірі болып табылады.

<https://www.facebook.com/share/p/1ATkisp6Qb/>

"ДОСБОЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН" акциясы аясында іс-шара жоспары жасалып, жоспар аясында атқарылған жұмыстар:

1. «Мұқағали – МӘңгілік Ғұмыр» М. Мақатаев оқуларына арналған бастауыш сынып оқушыларының байқауы
2. «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілері арасында «Мергендер» сайысы
3. **НАҒЫЗ ДОСЫҢНЫҢ БОЛҒАНЫН ҚАЛАСАҢ – ДОС БОЛ!** Мектеп оқушыларының көңілді үзіліс тимбилдингi

4. **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** (Ұлттық мектеп лигасы аясында) «Спорттағы достық» ұранымен «Асық ату», «Қол күресі» жарыстары

Аталған іс-шаралар уақытында жоғары деңгейде өткізіліп, іс-шараларға белсене қатысқан оқушылар Алғыс хаттармен марапатталды. <https://www.facebook.com/share/p/456PTFCyt4/>

«Адал ұрпақ» клубы мүшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымы мен түсініктерін қалыптастыруға бағытталған 7-10 сынып оқушыларына отырысы болды. Отырыс барысында баяндама жасалып, түсіндірме жұмыстары жасалды, бейнероликтер көрсетілді.

19 қараша **«Темекі шегуге қарсы»** күні «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» тақырыбында флешмоб ұйымдастырылды.

20 қараша - Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне байланысты «Буллинг және кибербуллингтің алдын алу», «Лудомания» зиянды әдеттердің алдын тақырыптары бойынша 5-11 сынып оқушыларына мектеп басшысының қатысуымен жалпы оқушылар жиналысы болды.

<https://www.facebook.com/share/p/789Ge4JKqr>

«Ғаламтор қауіпсіздігі жобасы» жобасы бойынша «Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау, «Балалар мен жасөспірімдерді интернет –кеңістікте деструктивті қауымдастықтарға тартылуының алдын алу», «Қазақстандағы дәстүрлі емес діндер» тақырыптарында Қызылорда облысының Дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зертеу орталығы» КММ-нің Қазалы ауданы бойынша бөлімше меңгерушісі Ж. Жарылқасын мектептің жоғары сынып оқушыларымен кездесуөткізді. Кездесу барысында зайырлы білім берудің ерекшеліктері, әлеуметтік желіден діни ақпарат алудың қауіпті тұстары, ғаламтор желісіндегі діни радикалдық бағыттағы ақпараттардан сақтану, теріс діни ағым өкілдерінің уағыздарын тыңдамау мәселелері талқыланды. <https://www.facebook.com/share/p/12ikBSobzp/>

2023 жылдың 5 желтоқсан күні 8-11 сынып оқушыларына құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін түсіндіріп, құқықтық тәрбиенің қоғамда маңызы зор екендігін ұғындырып, құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында **«Құқықбұзушылық және заңды жауапкершілік»** және кибербуллинг,буллинг тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге педагог – психолог оқушылардың құмар ойындарының адам психикасына зиянды әсері туралы түсініктерін кеңейту мақсатында **«Лудомания– адамзаттың індеті»**тақырыбындатүсіндірме жұмыстарын жүргізсе мектеп медбикесі **«Нашақорлыққа жол жоқ»**тақырыбында есірткі заттарының адам ағзасына, өміріне аса қауіптілігін ұғындыра отырып, салауатты өмірсүруге шақырады.

<https://www.facebook.com/share/p/17UkQiDEBX/>

Діни экстремизмнің алдын алу бойынша 29қараша күні жоғары сынып оқушыларының қатысуымен Қазалы ауданының ішкі саясат бөлімінің дінтанушы мамандары Жарылқасын Дәулетсейіт және Кеңес Әнуармен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында дінтанушы – теолог ислам діні және қазіргі қоғамдағы дін мәселелері туралы сөз қозғады. Оқушыларымыз өздерінің көкейінде жүрген сұрақтарын қоя отырып, тұшымды жауаптарын ала алды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының»қараша айындағы жоспарына сәйкес сынып жетекшілер мен мектеп парламенті және «Жасұлан» ұйымының ұйымдастыруымен 5-7сыныптар арасында **«Бізтемекі шегуге қарсымыз»** тақырыбында спорттық сайыс өткізілді. Сайыс соңында жақсы нәтиже көрсеткен сыныптарды мектеп әкімшілігінің Алғыс хатымен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/18BrDdZsuY/>

2023 жылдың 27 – 28желтоқсан күндері 1-4 сыныптар мен және 5-11 сыныптарға ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында I оқу тоқсанының қорытындысы, оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, қауіпсіздігін қамтамасыз ету,каникул күндеріндегі су,мұз,өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мереке күндерінде пиротехникалық құралдарды қолдануға тыйым салу және кәмелетке толмағандардың түнгі беймезгіл уақытта заңды өкілінсіз жүру,нашақорлық,буллинг,зорлық–зомбылықтың алдын алу мәселелері айтылған. <https://www.facebook.com/share/p/1DfsmPY7VM/>

2023-2024 оқу жылында мектепте оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және оқушыларды адалдыққа, елжандылықпен патриоттыққа, адамгершілікке имандылыққа тәрбиелеу мақсатында мектепте **«АДАЛ ҰРПАҚ» ерікті**

мектеп клубы құрылып,бұйрық шығарылып мектепішілік комиссия құрылды.

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының анты қабылданып, мақсат міндеттері таныстырылды. Оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және оқушыларды адалдыққа, елжандылықпен патриоттыққа, адамгершілікке имандылыққа тәрбиелеу мақсатында түрлі кешенді іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Адалдық асыл қасиет?» атты дөңгелек үстел.

«Жемқорлық індет жою міндет» атты кездесу кеші.

«Баланды тәрбиелеме өзіңді тәрбиеле» театрыландырған қойылым.

«Адал жүріп, адал тұр» атты шығарма жазу.

«Адалдық адамдықтың белгісі» атты тақырыпта мозайка.

«Адалдықты өзімізден бастайық» көмек беру мақсатында қарттарға көмек көрсету.

«Адал болайық» флешмобтар ұйымдастырылды.

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының қорытынды жиналыстары жасалып, клуб белсенділері марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/19TtcebvSC/>

2023-2024 оқу жылында Мектеп Парламентіне үміткерлер сайланып,жалпы ережелерімен таныстырылып, құрылымы қызметі, құқығы мен міндеттері

таныстырылды. Мектеп парламентінің президенті болып Күнсейітова

Нұрай

Бауыржанқызы сайланды.

<https://www.facebook.com/share/p/15frhaeezZ/>

Парламент 8 фракциядан тұрады.

- | | |
|--------------------------------------|------------------------------|
| 1. Құқық және тәртіп фракциясы | Жетекшісі: Нұрылла Ақтоты |
| 2. Ақпарат фракциясы | Жетекшісі: Шынболат Ұлболсын |
| 3. Спортжәнесалауатты өмірфракциясы: | Жетекшісі: Толыбай Нұрділдә |
| 4. Өзін-өзі тану бақыт фракциясы: | Жетекшісі: Күнсейітова Нұрай |
| 5. Қамқорлық фракциясы: | Жетекшісі: Баймырза Нәзігім |
| 6. Мәдениет және өнер фракциясы: | Жетекшісі: Жанболат Асылан |
| 7. Дебат қозғалысының фракциясы: | Жетекшісі: Бурхан Гүлсезім |
| 8. Экология және еңбек фракциясы: | Жетекшісі: Айғабыл Азамат |

Жоспарбойынша 9 іс-шара қойылған.

Құқық және тәртіп фракциясына «Бала құқығы» туралы конвенция түсіндірме жұмыстары.

Ақпарат фракциясы «Ең үздік репортаж» бинероликтер байқауы.

Спорт фракциясына «Денсаулығың өзқолыңда» спорттың қысқы түрлерінен жарыс

Дебат фракциясына «Компьютер пайдалыма,Зиян ба?» пікірталас.

<https://www.facebook.com/share/p/14BaRDKXh/>

Өзін-өзі тану бақыт фракциясы «Мен өмірді сүйемін» атты психологиялық тренинг.

Қамқорлық фракциясы «Қамқорлық қымбат сый» ардагерлердің ауласына көмек беру.

Экология және еңбек фракциясы «Қысқы ертегі» қар мүсіндерін жасау.

Мәдениет және өнер фракциясы «Біз өнерлі жастармыз» концерт ұйымдастыру.

2023–2024 оқу жылында «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» бағытында

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында жұмыстар жүргізілді.

5қыркүйек-Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай кітапханада "**Мемлекеттіктіл-ел бірлігінің негізі**" тақырыбында көрме жасалынған.

<https://www.facebook.com/share/p/74MILsojShu/>

Оқушыларға 5 қыркүйек Қазақстан халқы тілдері мерекесі күні болып аталу себебі түсіндірілді."Ақыл көркі-тіл,тілдің көркі-сөз" атты сөз жарыста оқушылар тіл туралы мақалдар айтып жарысты. Көрме жанында оқушылар ақындардың тіл туралы өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Шара соңында оқушыларға ынталандыру сыйлығы табысталды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасының оқу залында 4қазан күні мұғалімдер күніне арналған**Ұстаз –мектептің жүрегі** » тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/4EnKtp/>

5-7 сынып оқушыларынаТалай жас түлекті ұшырған ардагер ұстаздардың өмірбаяны таныстырылды. «Қалдырған ізін мәңгілік» бөлімінде оқушылар өздерінің сүйікті ұстаздарына арналған әндер,жырлар, жүрекке жылы тиетін тілектерін айтты. Ұлағатты ұстаздардың еңбекқорлығы, ұстаздық келбеті мен ұстанымы, атқарылған шынайы істері бүгінгі таңда

ұрпақтарға үлгі өнеге. Оқушылар ардагер ұстаздар жөніндегі деректерді осы көрмеден пайдалануда. «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында күзгі демалыс кезінде" Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз" атты іс-шарада тұрақты оқырман оқушылар өздері оқыған шығармалардан үзінді оқып, қысқаша түсініктерін айтты.

<https://www.facebook.com/share/p/1KNRdR7pIJM/>

Мақсаты: Күзгі демалыс кезінде балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оқыған кітаптарың достарымен бөлісу.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында, Оқуға құштар мектеп бағытында "Бір ел-бір кітап" акциясы барысында "Менің сүйікті кітабым" тақырыбында мектеп кітапханашысы буктрейлер ұйымдастырды. <https://www.facebook.com/share/p/85B8pZexP0L/>

"Жеткіншектің жеті жарғысы" бағытында "Кітапхана-әлем қызығы" тақырыбында 15 қараша күні ісынып жетекшісі оқушыларымен мектеп кітапханасына саяхат ұйымдастырды. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған оқушыларды кітапханамен, әдеби кітаптармен, оқулықтармен таныстыру.

<https://www.facebook.com/share/p/6WYLkeq2S5/>

"Оқуға құштар мектеп" бағытымен "Балалар кітапханасы" жобасы аясында ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл толуына байланысты мектеп кітапханашысы "Ізгілікке қалам тартқан жас ғұмыр" тақырыбында поэзия кешін өткізді.

<https://www.facebook.com/share/p/4EnKtpAQPA/>

Поэзия кешінің мақсаты:

Қазақтың көрнекті ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен шығармаларымен танысу, өлеңдері арқылы болашақта ел-жұртының есті азаматы болып қалыптасуына ықпал ету. Кеште ақынның өмірбаяны, шығармалары оқушыларға таныстырылды. Аса көрнекті ақын 1893 жылы 28 қазанда Көкшетау облысының Қызылту ауданында туған. 1920 жылы жабысқан дерт кеселінен 27 жасында қайтыс болды. Ұлт үшін күрескен қайраткер Сұлтанмахмұт Торайғыров - 27 жас өмір сүрседе артына мол мұра қалдырған қаламгер. Кеште оқушылар ақын өлеңдерін мәнерлеп оқыды. "Шығамын тірі болсам адам болып", "Мен қазақ", "Шәкіртойы" тағы басқа.

<https://www.facebook.com/share/p/12A1m5ec8iR/>

ҚЫСТА КІТАП ОҚИМЫЗ

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының "Оқуға құштар мектеп" пен мектеп кітапханасы жобасын іске асыру мақсатында қысқы демалыс кезінде «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» атты іс-шараларды ұйымдастыруға арналған әдістемелік ұсынымдары аясында 5 сынып оқушылары қысқы демалыста оқыған кітаптарынан үзіндіні ұсынған.

<https://www.facebook.com/share/p/18EuDxmVs7/>

"ДОСБОЛ LIKE: ДОСТЫҚ ҚОЛЫНҰСЫН" АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА #ЕНКӨПОКИТЫНСЫН ШЫҒАУЫ ӨТКІЗІЛДІ

"Оқуға құштар мектеп" мемлекеттік жобасын дамыту мақсатында және "Балалар «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша 1-4 сынып оқушыларына «Өнегелі өмір», 5-7 сыныптар үшін «Балалар салған ізімен», 8-11 сынып оқушыларына «Әлемді бағындырған жерлесіміз» тақырыптарында түрлі сала бойынша жетістікке жеткен жерлестеріміз туралы сынып сағаттары өткізілді. 14 – 15 қараша күндері «Қатыгездік пен зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» Республикалық ақпараттық науқан аясында педагог-психолог

<https://www.facebook.com/share/p/12sMd8tx7m/>

5-10 сыныптар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, сауалнамалар алды. «Мен зорлық – зомбылыққа қарсымын» тақырыбында бсынып оқушыларына ашық тәрбие сағаты өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/45PuN3yLru/>

20 қараша Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай 7-11 сынып жетекшілері «Буллинг және кибербуллинг, Лудомания» тақырыптарында түсіндірме жұмысын жүргізді және сонымен қатар жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу, сынып ұжымын сыйластыққа, бір – біріне қолдау көрсете білуге байланысты толық түсіндірме жұмысы жасалды.

20 – 24 қараша күндері «Өз құқығыңды білесің бе?» апталық аясында 5-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/0DCjz4kbVu/>

Мақсаты: өз құқықтарының білуі, балаларды зорлық–зомбылықпен қатігездік құрбаны болмаудың алдын алу.

Желтоқсан – «Қазақстан – Ұлы Дала Елі» айы бойынша:

Тәуелсіздіктің 32 жылдық мерейтойы, Жеткіншектің жеті Жарғысы жобасы бойынша 1-4 сыныптарға «Тәуелсіздік ел бақыты», 5-7 сыныптарға «Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі», 8-11 сыныптарға «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

«Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы бойынша 8-11 сыныптың оқушыларына **«Болашаққа хат»** тақырыбында шығарма жазу шарасы болды.
<https://www.facebook.com/share/p/YGMPTPFV9T/>

«Әкелер мектебі» жобасы бойынша 7-10 сынып оқушыларының ер балаларына **«Ер бала тәрбиесі – ертеңгі сәтті отбасының кепілі»** тақырыбында кездесу өткізілді.

«Жасыл шырша» жанында тақырыбымен барлық сыныптарда ертеңгіліктер, шырша тойы өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/45Rn6VIOBpJ/>

28 желтоқсан күні «Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасы аясында II оқу тоқсанының аяқталуына байланысты жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде:

1. II оқу тоқсанының қорытындысы
2. Кәмелетке толмағандардың түнгі беймезгіл уақытта заңды өкілінсіз жүру, құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алу
3. Оқушылардың қысқы демалыс кезіндегі су, мұз, өрт қауіпсіздігі
4. Ағымдағы мәселелер

Мәселелер айтылып, түсіндірме жүргізілді. Ата-аналардың сұрақтарына жауаптар беріліп, ой-пікірлері тыңдалды. Жиналыс қаулы шығарып, хаттамаланды.

<https://www.facebook.com/share/p/20nGE7NG0q/>

Қаңтар – Ұлттық Код айы бойынша

Ата-аналар мектебі жобасы, Қыздар ұйымының жұмыс жоспары бойынша 8-11 сынып оқушыларының қыз балаларына «Қыз намысы – ұлт намысы» тақырыбында жиналыс өткізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 1-4 сынып оқушыларына **«Мен оқыған бір ертегі»**, 5-7 сынып оқушыларына **«Парасаттылық туралы»** және **«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы бойынша **«Туған өлке ақындарының шығармалары»** тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/457Tx7EiFD/>

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында 1-6 сынып оқушыларына **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** тақырыбында спорттық ойындардан жарыс өткізілді. «Ұлы тарих кемел келешекке жетелейді» Төле бидің туғанына 360 жыл толуына орай 1-4 сыныптарға, 5-7 сыныптарға «Сұлтан Бейбарыс – Ұлы дала елінің барысы», 8-11 сыныптарға Мұрат Әуезовтің туғанына 80 жыл толуына орай «Ұлының ұлы болуы үлкен жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. <https://www.facebook.com/share/p/00oYRr3i0y/>

«ҚАЗАҚ ЕСЕБІ» челленджі 2024 жылдың 26 қаңтары күні "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында бір уақытта Асқар Жұмаділдаевтың ұсынған есептерін шығаруды қамту мақсатында **"Тоғыз айға тоғыз іс-шара"** жоспарына сәйкес "Қазақ есебі" челленджі ұйымдастырылды.

Ұлттық қазынамыздың бірі-қазақтың байырғы қара есептері. Мектебімізде математика пәні мұғалімдері бірлесіп 5-7 сыныптар арасында "Қазақ есебі" интеллектуалды сайысын өткізді. Байырғы ұлттық ерте замандағы тұрмыс салты әлеуметтік өмірі мен мәдениеті және басқа сипаттары туралы аса құнды ақпараттар алуға болатын есептермен таныстырылды.

<https://www.facebook.com/share/v/1AbELmXznV/>

2024 жылдың 23 қаңтар күні «Салауаттылық-салтымыз» тақырыбында қыздармен пікір алмасу өткізген. Қозғалған тақырып: бүгінгі таңда жасөспірімдер арасында орын алып жатқан зиянды әрекеттер оның ішінде **«электронды темекінің»** зияны, нашақорлық, дұрыс тамақтану туралы айтылды.

<https://www.facebook.com/share/p/1GCJB0L5K1/>

ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫНАЛУ:

Балаларды

зорлық–зомбылықтан

қорғау,суицидтің алдын алу және олардың құқықтарымен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023–2025жылдарға арналған кешенді жоспары 2023жылғы 31тамыздағы №748қаулысынегізінде бекітіліп, жоспары жасалынған. 2023–2024 оқу жылының 28 қыркүйегі күні 8-11сыныптар арасында Аудандық білім бөлімі, Қазалы АПБ-нің, жастар денсаулығы өкілдерінің қатысуымен кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық және қылмыс, нашақорлықтың алдын алу,интернет қауіпсіздігі мен суицид, зорлық – зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу бағытында ақпараттық – танымдық біліммен қамтамасыз ету мақсатында түсіндіру шаралары жүргізілді. Шараға Қазалы ауданы полиция бөлімінің Ювеналды полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры Бегалиева Махаббат Төлепбергенқызы қатыстырылған. <https://www.facebook.com/share/p/19x4o4SEf3/>

Мектепшілік 9^а -9^б-сынып оқушыларынан құралған «Парасат» фракциясымен «Зерде» фракциясы арасында «Бұл палата Қазақстанда қарттар үйі болмауы керек деп есептейді» тақырыбында дебат ойынын өткізді. Ойын барысында екі топта тақырыпқа қатысты мәліметтерді жан-жақты талқылып, ой таразысынан өткізе білді

31.01.2024ж. «Жаңа күн–жаңа Қазақстан» тақырыбында жалпы білім беру ұйымдарының 9-11-сынып оқушылары арасында өткен аудандық турнирге Мектебімізден құралған «Парасат» дебат клубының мүшелері де қатысты. <https://www.facebook.com/share/p/1Ecgi4gd4m/>

Ақпан – Оқуға құштарлық айы бойынша

Оқуға құштар мектеп жобасы аясында 1-11 сыныптар аралығында «Қазақ даласының ұлы тұлғалары» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша 1-4 сыныптарға «Мен және менің полицейім», 5-7 сыныптарға «Сен өз құқығыңды білесің бе?», 8-11 сыныптарға «Сен және Заң» тақырыбында құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында сынып сағаттары ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/12r9T39RR4/>

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 1-11 сынып оқушыларына «Мектептегі мінез – құлық ережелері» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Балалар кітапханасы» жобасы бойынша 1-4 сыныптарға «Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы», «Ғаламтор ұлттық жобасы» аясында «Қауірсіз интернет», «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Ауғанның асуында от кешкендер» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/7DepL0CDEw/>

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында мектеп кітапханашысы бастауыш сыныптар арасында Абайдың «Толық адам» ілімі тақырыбында мәнерлеп оқу сайысын өткізді. Сайыста Абайдың өлеңдерінен мәнерлеп оқу бойынша сайысқа түсті, жақсы нәтижеге жеткен талапкерлер алғыс хатпен марапатталды.

«Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы аясында «Тұлпар мініп ту алған» тақырыбында батырлар жырын оқу эстафетасы өткізілді. <https://www.facebook.com/share/p/44Mgyqu4WZ/>

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасында «Менің сүйікті кітабым» иақырыбында кітап көрмесі өткізілді.

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІШТЕУ АЙЫ

Алғыс айту күніне байланысты барлық 1-11 сыныптарда «Алғыс айту парызым» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Мектептегі барлық қоғамдық ұйымдар мерекелік іс-шара жоспары аясында түрлі жұмыстар өткізді.

«Ата-аналар мектебі» жобасы аясында мектеп қызметкерлері, ата-аналар «Ұлттық киім-ұрпаққа мұра» тақырыбында Ұлттық киім күніне байланысты өз үлестерін қосты. Бір күн барлық қызметкерлер ұлттық киімді насихаттау мақсатында ұлттық киім күнін өткізді.

<https://www.facebook.com/share/p/15ZncJgKWA/>

«Ата-аналар мектебі жобасы» аясында «Домбыра Party» шарасы өткізілді. Іс-шара барысында ауылдық клуб қызметкері ата-аналар алдында күй тартып, өз өнерін көрсетті. Наурыз мерекесіне байланысты барлық сыныптарда мерекелік шаралар, тәрбие сағаттары, ертеңгіліктер өткізілді.

Көктемгі демалыс кезіне мектепшілік іс-шаралар жоспары жасалып, жоспар аясындағы жұмыстар өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/19XF5KpSMH/>

«Наурызнама» бағдарламасы аясында 20-наурыз «Ұлттық спорт» күніне орай ұлттық спорт

түрлерінен сайыс ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/15EohMeAkA/>

22 наурыз – Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне қарсаңында барлық сыныптарда сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/15TDNxcZxh>

Парасат дебат клубының ұйымдастыруымен «Лудомания юолашақтың - дерті» тақырыбында пікірсайыс алаңы өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/1B1reJVsgf/>

«Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасына туған жерді жасыл-желекке айналдыру, аймақ экологиясының жақсаруына, тазалығына үлес қосу мақсатында «Менің жеке ағашым» тақырыбы аясында көктемгі канкул іс-шарасы аясында мектеп ауласына ағаш отырғызылды.

<https://www.facebook.com/share/p/1YfXEmA3wT/>

СӘУІР – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша 5-11 сыныптарға «Кұстар біздің досымыз», «Достық – көмекпен мықты», «Табиғат тамашалары» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/17XayqdhcA/>

«Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы бойынша «Шахмат және тоғызқұмалақ – ұлтымыздың ақыл-ой спорт түрі» тақырыбындағы республикалық челленджге қатысты.

<https://www.facebook.com/share/p/18EuDxmVs7/>

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Облыстық білім басқармасының «Тәрбие, Спорт және қосымша білім беру» орталығы, Қазақстан Республикасы министрлігінің «2024 жылғы олимпиада ойындарына дейін 100 күн» акциясы аясында дене тәрбиесі пәні бойынша ашық сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/14reFvwPgH/>

«Ата-аналар мектебі» жобасы аясында «Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» тақырыбында 1-11 сыныптарға ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/19dY22tU8h/>

«Нашақорлыққа жол жоқ» тақырыбымен жалпы білім беретін мектептер арасында аудандық эстафеталық жарыстан мектебіміздің командасы ІІ орынмен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/19GAozNKY6/>

Құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты жасалған жұмыс жоспарға байланысты оқушыларға арнайы маман өкілдері тұрмыстық зорлық-зомбылықты болдырмау және алдын алуға байланысты түсіндірме жұмыстарын жасады.

<https://www.facebook.com/share/p/15Jq6BQ1Pw/>

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен 1-5 сынып оқушылары кітапханаға саяхат жасады. Саяхат барысында кітапханадағы оқулықтармен, жаңадан келген әдеби кітаптармен таныстырды.

«Ата-аналар мектебі» жобасы аясында , әкелер күніне орай, «Менің әкем – жақсы адам» тақырыбында әрбиелік іс-шара өткізді.

<https://www.facebook.com/share/p/156Ge4JQqr/>

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесіне байланысты 1-11 сыныптарда «Бірлігіміз жарасқан» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/1XC72raNNG/>

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша «Жеңіс деген шат күлкісі баланың» тақырыбында 1-11 сынып оқушыларына сынып сағаттары ұйымдастырылды.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Менің гүлзарым» тақырыбында сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді.

«Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы аясында «Жасыл мекен» республикалық челленджге қатысты.

<https://www.facebook.com/share/p/17XayqdhcA/>

«Ата-аналар мектебі» жобасы аясында «Отбасы FEST» тақырыбында 1-11 сынып оқушылары арасында отбасы құндылығы туралы челлендж өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/1BAHbo5PGZ/>

<https://www.facebook.com/share/p/18NEy4R8vu/>

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы бойынша дене тәрбиесі пәні мұғалімдердің ұйымдастыруымен «Денсаулық FEST» тақырыбында жыл бойы жүргізілген жұмыстарды қорытынды марапаттау шарасы өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/1C4Y58dYhz/>

24 мамыр күні барлық сыныптарға оқу жылының аяқталуына орай «Білімім - Отаныма» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/1BX2Hdbf4V/>

Мектептің бітіруші түлектері үшін «Мектебім, саған мың алғыс» тақырыбында мектеп бітіру салтанатты шарасы өткізілді. Оқу жылының аяқталуына байланысты мектебіміздің мақтаныштары «Үздіктер шеруі - 2024» шарасы ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/14KNTtVVYR/>

<https://www.facebook.com/share/p/1M8PVbSDhH/>

Мемлекеттік рәміздер – еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін паш ететін нышандар. Мемлекетіміздің өткені мен бүгіні, болашағы арасындағы сабақтастық. Мемлекеттік рәміздер күніне орай мектеп жанындағы тынығу лагерлерінің оқушылары іс-шара өткізді.

<https://www.facebook.com/share/v/1QB4oMestw/>

Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Күн тәртібінде:

1. III оқу тоқсанының қорытындысы
2. Жазғы тынығу лагерлерін ұйымдастыру
3. Репродуктивті денсаулық және адамның репродуктивті құқықтары
4. Құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алу, оқушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін сақтау. <https://www.facebook.com/share/p/1B3vdHffUx/>

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына, Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хатына сәйкес жұмыстар жүргізілген.

Бағалау нәтижесі:

2024-2025 оқу жылы арналған БІРТҰТАС ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ Обыстық білім басқармасының «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру» орталығы Қазақстан Республикасының

Оқу ағарту министрлігінің 2024 жылдың 30 шілдедегі №194 бұйрығын басшылыққа ала отырып, Тәрбие жұмысының бағдарламасын жаңарту бойынша **Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 15 наурыздағы Ұлттық құрылтай отырысында берілген тапсырмалар хаттамасының 5-тармағына сәйкес «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» өзгерістер мен толықтырулар негізінде**, осыған орай «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізу туралы **Қызылорда білім басқармасының басшысының 2024 жылдың 15 тамызындағы № 73 нқ11 бұйрығын**, облыс көлемінде мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында өңірлік жоспарды, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру бойынша жылдық тәрбие жоспары жасалып, бекітілді.

Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының идеясы: «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» ұштаған ұғымы мен «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз - өрлеу» принципіне негізделген.

Бағдарламаның мақсаты: еліміздің мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамытуда білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-

шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
Қаңтар – заң және тәртіп айы;
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

күнделікті:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

«Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

апта сайын:

«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, тақталарда және т.б. орналастырылады.

«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлық және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.

Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады.

Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;

Буллингтен қорған!

Ойынға салауатты көзқарас;

Өмірге салауатты қадам;

Қоғамдық мүлікті қорға!

Қауіпсіз қоғам.

жылсайын:

«ДосболLIKE» – буллингтің/әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу.

«Әншуақ» – білім алушылар арасында қазақ тіліндегі әндерді насихаттауға бағытталған балалар әндері фестивалін өткізу.

«Ақындар айтысы» Республика күнін мерекелеу қарсаңында жас ақындардың сайыстарын өткізу.

Пікірсайыс турнирлері – қоғамда орын алатын проблемаларды жариялы түрде талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру үшін пікір сайыс ойындарын өткізу.

Мектеп парламентінің президентін сайлау–қазан айының үшінші сенбісі.

«Күй күмбірі» домбырашылар челленджі – Наурыз мерекесі аясында

күйлер орындау(таңдаубойынша)

2024-2025 оқу жылы бойынша

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Оқу жылының басы сынып жетекшілердің алғашқы отырысымен басталды, отырыста жыл бойы атқарылатын жұмыстар талқыланып, тәрбие жоспарлары бекітілуге ұсынылды. Жыл басында барлық тәрбие бағытында жұмыс жасайтын жобалар мен қоғамдық ұйымдардың алғашқы отырыстары жасалып, жұмыс жоспарлары бекітілді.

1қыркүйек мектебіміздің алғашқы қоңырауы «Мектебім мейірім мекені» тақырыбында ашылып, қонақтар шақырылды. Алғашқы қоңыраудың шымылдығын мектеп басшысы ашып, түлектерге, ата-аналарға биылғы оқу жылына сәттілік тіледі.

1-11 сыныптада алғашқы сабақ «Мектебім мейірім мекені, Менің Отаным – Қазақстаным!» тақырыптарында тәрбие сағаттарымен басталды. Биылғы оқу жылындағы тағы бір ерекшелік оқушылардың қауіпсіздігіне байланысты сабақтар тәрбие сағатымен кіріктіріліп, тәрбие сағатының бастапқы 10 минуты оқушылардың қауіпсіздік сабағы болып бекітілді. Сынып жетекшілер осы 10 минутта оқушылардың жолда жүру қауіпсіздігі, жол ережесін сақтау, құқық бұзушылыққа байланысты т.б. дәрістер беріп, түсіндірме жұмыстарын жасайды.



Сілтемесі: <https://www.facebook.com/share/p/15enZ8i3QM/>

Оқушыларды жалпыға бірдей міндетті оқу қорымен қамтамасыз ету мақсатында республикалық мектепке жол акциясы аясында мектебіміздің 70 баласы біржолғы оқу құралын алу жәрдемақымен қамтылды. Сонымен қатар мектеп ұстаздары, кәсіпкерлердің демеушілігімен 40 балаға сумка, оқу құралдары, мектеп формаларымен қамтылды.

Сілтемесі: <https://www.facebook.com/share/p/1HL6Hjxgst/>

Мектеп табалдырығын алғаш аттаған 1 сынып оқушыларына сынып жетекшісі «Полиция және балалар» тақырыбында қауіпсіздік сабағын өткізді. Оқушыларға жолда жүру ережелерімен таныстыру, тәртіптілікке, сақ болуға, көшеде дұрыс жүруге тәрбиелеу.

Сілтемесі: <https://www.facebook.com/share/p/1R3sU4DBJu/>

Отбасы күні мерекесіне байланысты Мектепішілік іс-шара жоспарына орай, бастауыш сыныптарда «Отбасы Бақыт - Мекені» тақырыбындасынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: отбасы туралы білімдерін шыңдау. Отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу.

<https://www.facebook.com/share/v/1AoZvtZD9z/>

Мектептегі «Парасат» дебат клубының жұмыс жоспарына сәйкес, 9-11 сынып оқушылары арасында «Жасанды интеллект және сандық этика» тақырыбындағы республикалық пікірсайыс алаңының мектепішілік кезеңі өткізілді. «Ақиқат» фракциясы жеңске жетіп аудандың кезеңге жолдама алды. <https://www.facebook.com/share/p/14eYBVbXPH/>

«Дені сау ұрпақ ұлт болашағы» тақырыбында 7-11 сынып оқушыларына мектеп медбикесі түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушыларға дәрігерлік ақыл-кеңестерін беріп, пікір алмасты.

<https://www.facebook.com/share/p/1EnKtpAQYf/>

Қазақстан халқы тілдер мерекесі күніне орай «Тілім барда қазағым бар, халқым бар» атты мерекелік шара өткізілді. Шараға 5 сынып оқушылары мен сынып жетекшісі және ауылдық клуб мүшелері белсене қатысты. Мерекелік кеште ұлы тұлғалардың тіл туралы ой толғамдары айтылып, балалар ана тілінде өлең оқып, құттықтауларын жеткізді.

<https://www.facebook.com/share/p/12A1m5ec8iR/>

5 қыркүйек Қазақстан халқының тілдер мерекесіне орай, 5-11 сынып оқушылары арасында «Тілім менің ғасырларға аманат» атты кеш өткізді.

Кеш барысында тіл ғылымының негізін салушы, ғалым А. Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығынан көркем сөз оқылды.

<https://www.facebook.com/share/p/1KNRdR5pFM/>

Мектеп парламенті ұйымының жұмыс жоспарына орай, отбасы күніне байланысты «Тәрбиенің алтын діңгегі – Ұлттық тәрбие» тақырыбында мектепшілік өлкетану мұражайына саяхат жасалды.мақсаты оқушы бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру.

<https://www.facebook.com/share/p/12B8pZexP3L/>

Отбасы күніне орай «Әкем, шешем және мен- достасамыз спортпен» көңілді эстафеталық спорттық сайыс өткізілді. Салауатты өмір салтын насихаттау, ептілікке, төзімділікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Отбасы татулығы мен бірлігін нығайту

<https://www.facebook.com/share/p/1B2ucng5Tb/>

«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының жұмыс жоспарына орай, ұйымның кезекті отырысы өткізілді. Жиынға 7-11 сынып оқушылары қатысып, алда өтетін мектеп парламенті президентін сайлауға өз пікірлері мен ойларын ортаға салды.

<https://www.facebook.com/share/p/19ikDSobzp/>

Баланың бас ұстазы – ата анасы. Тәрбие үрдісінің бір тарауы отбасымен жұмыс, отбасынан басталатын тәрбие мектеп өмірімен жалғасады. Осы үштік одақтың жұмысын үйлестіру мақсатында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде:

1. Сыныптар туралы жалпы мәліметтер
2. Ата-аналардың педагогикалық қолдау орталығының жұмысын ұымдастыру
3. Мектеп формасына қойылатын талаптар
4. Мектеп оқушыларының жаңа оқу жылында әлеуметтік көмектермен қамтылуы
5. Төтенше жағдайлардың, құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары

<https://www.facebook.com/share/p/1DfsmPY7VM/>

Бастауыш сыныптарда энергия ресурстарын ұқыпты пайдалану мәселелері бойынша **«Энергия ресурстарын үнемдеп пайдалану»** тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/12BBLsojShu/>

Қазақстан Республикасының Президенті Ұлттық құрылтайдың «Адал адам- Адал табыс- Адал еңбек» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде еңбекқорлық пен кәсіби біліктілікті маңызды құндылықтардың бірі ретінде атап көрсеткен болатын.Осыған орай мектебіміздің барлық сыныптарында **«Еңбек түбі-береке»** атты сынып сағаты өткізілді.Еңбекпен келген әр істің берекесі болатындығын балалар кеңінен ұғынып, өз ойларын ортаға салып, сынып сағатын еңбек туралы мақал-мәтелдермен түйіндеді.

<https://www.facebook.com/share/v/14eLER6KjP/>

<https://www.facebook.com/share/p/14jbUxjXhu/>

<https://www.facebook.com/share/v/19cnTm52Kq/>

Біртұтас тәрбие бағдарламасын және жалпы тәрбие қызметін іске асыру бойынша «Еңбек түбі - береке» тақырыбындатанымдық сағаттар өткізілді. Танымдық сағат барысында Ұзақ жылбейнеттің зейнетін көріп зейнет демалысына шыққан ардагерлермен кездесу жасалды.Кездесу барысында еңбек ардагерлері өздерінің еңбек жолдарын оқушыларға кеңінен әңгімелеп берді.шара соңында мектеп театрының мүшелері «Дүкенші» сюжетті-рөлді ойынын көрсетті.Еңбек ардагерлері оқушыларға жүрекжарды лебіздерін білдіріп, баталарын берді.

<https://www.facebook.com/share/p/15QyvvbR31/>

Облыс әкімінің жүлдесіне арналған «Сыр Лигасы» жобасы аясында облыстық жарысының мектепшілік іріктеу кезеңі өткізілді.Жарыс 8-11 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды. Жарыс нәтижесінде жүлдегерлер аудандық кезеңге жолдама алды.

<https://www.facebook.com/share/p/19Vmh4TpNr/>

Мектебіміздегі «Жасыл клуб» жобасы аясында ұйымдастырылған «Жас табиғат сақшылары» бірлестігінің ашылу іс-шарасы өткізілді. Іс-шара барысында 7-9 сынып оқушыларының «Жасыл клуб» жобасының жұмыс жоспары, мақсаты мен міндеттері таныстырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/1WyLkeq2S9/>

«Сыр Лигасы» жобасы аясында «Парасат» дебат клубының ұйымдастыруымен мектепшілік пікірсайыс турнирі өткізілді.Ойын қарары **«Бұл палата оқушыларға бірегей мектеп формасын кию міндетті** деп есептейді» нәтижесінде үкімет позициясы жеңіске жетті.

<https://www.facebook.com/share/p/18FgFrrWMJ/>

Қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі-балалар мен жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, құқық қорғау өкілдері мен мүдделі мелекеттік органдардың

қатысуымен 8-11 сынып оқушыларына учаскелік полиция инспекторы түсіндірме жұмыстарын жасады.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid022J4KRS73dB1KNCpbFSCZ9iuLH4rVFuJGTkQ7pqNcjdl1LQjviWSAfqZBvvjfdNH9l&id=100024067321782&sfnsw=wa&mibextid=RUBZ1f

«Қартын сыйлаған елде қасиет бар, олар айтқан сөзде өсиет бар» деп дана халқымыз ежелден қариясын сыйлаған. Халықаралық қарттар күніне орай, «**Қарттарым – асыл қазынам**» тақырыбында 5-11 сынып оқушыларына тәрбие сағаттары өткізілді. «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» деп оларға айрықша ізет көрсетіліп, батасын алу-бүгінгі ұрпақтың парызы.

<https://www.facebook.com/share/p/15YsE6zB9b/>

Халықаралық қарттар күні мерекесіне сәйкес, «**Қарттарым, аман – сау жүрші!**» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларына ертеңгілік өткізілді.

Еңбек ардагерлерінің жолын кейінгі ұрпаққа үлгі ету. Қарияларды сыйлауға, құрметтеуге, үлкендердің батасын, аналардың алғысын ала білуге баулу.

<https://www.facebook.com/share/p/19PVQjf1oZ/>

«Сыр Лигасы» жобасы аясында облыс әкімінің жүлдесі үшін информатика пәнінің мұғалімінің ұйымдастыруымен «Жас мобилография» сайысы өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/14rHvsmA4R/>

ҚР Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие » бағдарламасының жоспарына сәйкес, Жас Ұлан ұйымының мүшелері Ұстаздар мерекесі қарсаңында «Қалықта әнім-Ұстазым» атты мерекелік челленджді жалғастырды. Ұстаздарға өздерінің лебіздерін ән арқылы жеткізді

<https://www.facebook.com/share/p/18JwcDzXFP/>

<https://www.facebook.com/share/p/1PDjsk9Ed4/>

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарын дамыту тұжырымдамасына орай мектеп оқушылары арасында Дублер күні атап өтілді. Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру, көшбасшылық қасиеттерін ашу, ұйымдастырушылық қабілеттерін жетілдіру.

<https://www.facebook.com/share/v/19bSLYeGY3/>

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Адал ұрпақ» ұйымының жұмыс жоспарына орай, ұйым мүшелері ұстаздар мерекесі қарсаңында мерекелік ізгі тілектерін жолдады.

<https://www.facebook.com/share/v/19Pw4mVeDC/>

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының жұмыс жоспарына орай, мектепшілік күзгі жәрмеңке ұйымдастырылды. Балаларға мейірімділік пен қайырымдылық ұғымдарын бойларына сіңіру. Оқушыларды кішіпейілділікке, бауырмалдылыққа баулу.

<https://www.facebook.com/share/p/1BLb48k4vf/>

«Батыр баба есімін Ұлықтау – Ұрпақ парызы» тақырыбында 1-11 сыныптарда Жанқожа батырдың туғанына 250 жыл толуына байланысты тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/1Y31CE5hRj/>

«Батыр баба есімін Ұлықтау – Ұрпақ парызы» тақырыбында 7-8 сынып оқушылары арасында эссе байқауы өткізілді. Батырдың өмірі мен ерліктері арқылы өскелең ұрпақтың бойына отаншылдық сезімін қалыптастыру, дүниетанымын кеңейту.

<https://www.facebook.com/share/p/18CbHCHVQT/>

<https://www.facebook.com/share/p/15csjHhDWR/>

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен «Баба ерлігі – ұрпаққа үлгі» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде Жанқожа батыр туралы тарихи еңбектер мен әдеби шығармалар таныстырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/15fJkFi5Lm/>

Қазан айының үшінші жексенбісі Мектеп Парламентінің Президенттігіне үміткерлерді сайлау күні болып белгіленді. 10-16 қазан аралығында үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, 19 қазан күні мектеп ұжымы мен 6-11 сынып оқушылары қатысқан сайлау шарасы болды. Сайлау комиссиясы дауыстарды саралап, басым дауыспен 11 сынып оқушысы Күнсейітова Нұрай мектеп президенті болып сайланды.

<https://www.facebook.com/share/1LMjnySCRG/>

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Адал ұрпақ» ұйымы мүшелерінің ұйымдастыруымен «Есірткі - зұлым» тақырыбында «Біз есірткіге қарсымыз» хэштектерін пайдалана отырып «Өмір сүргім келеді» челленджін өткізді.

<https://www.facebook.com/share/v/1DerCtPhzT/>

25 қазан – Республика күніне орай мектеп оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлға қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұраны орындалды.

<https://www.facebook.com/share/p/1YUu4p9aKc/>

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «»Дені сау ұрпақ – жарқын болашақ» тақырыбында 8-11 сынып оқушылары арасында жаяу жарыс пен вoleyбол жарыстары өткізілді. Оқушылар бойына салауатты өмір салтын сіңіру, спортты серік еткен тұлға қалыптастыру.

<https://www.facebook.com/share/p/1YLndtXjmk/>

«Жасыл клуб» жобасының жоспарына сәйкес «Экологиялық таза ортада өмір сүремін» атты челленджіне өз үлестерін қосты.

<https://www.facebook.com/share/v/1DyZ6acrR2/>

Мектеп парламенті ұйымының ұйымдастыруымен кәмелетке толмағандар арасындағы нашақорлықтың алдын –алу, есірткіге қарсы иммунитетті қалыптастыру шарасы аясында , нашақорлыққа қарсы күресті күшейту бағытында видеоүндеу жолдады. «Нашақорлық – ауыр індет» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/1Ay6rLR19j/>

<https://www.facebook.com/share/p/1JesYwiafP/>

Мектеп театрының ұйымдастыруымен «Нашақорлыққа жол жоқ» акциясы аясында «Есірткісіз жарқын болашақ» тақырыбында театрландырылған қойылым қойылды. Өскекең ұрпақты рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбиелеу, тұлғаның үйлесімді дамуы, өз ойын білдіру, әлемді эстетикалық және бейнелі тану факторы ретінде балалар мен жастардың театр шығармашылығын қолдау мен дамыту.

<https://www.facebook.com/share/14k9nahU9w/>

<https://www.facebook.com/share/p/1DCKUehJxW/>

Нашақорлыққа қарсы бір айлық акциясы аясында 1-11 сынып оқушыларына «Есірткі – ғасыр дерті» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Оқушылардың бойына салауатты өмір салтын берік қалыптастыру, адам ағзасына зиянды заттардан аулақ болуға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/15ZGmFU8mi/>

Ұлттық мектеп лигасы жобасы аясында «Біз нашақорлыққа қарсымыз» ұранмен «Толағай», «Біз спортты таңдаймыз» тақырыптарында көңілді старт жарыстары өткізілді. Спортты насихаттау мақсатында балаларды салауатты өмір салтын сақтауға баулу.

<https://www.facebook.com/share/p/15awEBx8qb/>

<https://www.facebook.com/share/p/18ygW7GkxA/>

Өрт жағдайындағы эвакуациялық және сейсмикалық оқу-жаттығу өткізілді. Сейсмикалық жаттығуға барлық оқушылар мен мектеп қызметкерлері қатысты. Барлық қатысушыларға төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекеттер туралы түсіндірме жұмыстары жасалды.

<https://www.facebook.com/share/p/15VGQqAnh3/>

Ағымдағы жылдың 19 қараша күні мектеп оқушыларына арнайы жұмысшы топтың жұмыс кестесіне сәйкес түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Шара барысында Қазалы аудандық ЖПҚБ-нің ЮП-ның аға инспекторы полиция майоры Бегалиева Махаббат Төлепбергенқызы, білім бөлімінің әдіскері Айымқұлов Болатбек Төлегенұлы, Қазалы аудандық жастар ресурстық орталығының инспекторы М. Шахар, Қазалы ауданы бойынша Спорт клубының әдіскері Ө. Үсен, Қазалы ауданы Р. Бағланова атындағы мәдениет орталығының мәдени ұйымдастырушысы А. Кеулімжаева мектеп оқушыларына топтық төбелес пен құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жасөспірімдер арасында психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынудың зияны, нашақорлықтың алдын алу жұмыстары туралы айтты.

<https://www.facebook.com/share/p/17UkQiDEBX/>

Мектеп бойынша Қамқоршылық кеңестің 2024 – 2025 оқу жылына арналған іс – шаралар жоспары әзірленген. Жоспарға сәйкес кеңестің мақсаты мен міндеті түсіндіріліп, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар туралы айтылған. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің отырысы

тоқсан сайын өткізіліп хаттамаланған. Әр отырыста жоспарға сәйкес әлеуметтік қолдауды қажет етін балалар анықталған. Кеңес мүшелері әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылардың оқумен қамтылуын, сабаққа қатысуын және олардың түрлі үйірмелерге, спорт секцияларына қатысуын қадағалап, «Қамқорлық» акциясын ұйымдастырып, мектепте өткізілетін қоғамдық, әлеуметтік мәдени, сауықтыру шараларына қолдау көрсете отырып, оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру шараларына атсалысқан.

№98 орта мектебінде «Парасат» дебат клубы мүшелері арасында өткізілген пікір сайыстардың мәліметі

Білім алушылардың бойында құқықтық мәдениетті, азаматтық белсенділікті, жауапкершілікті, шығармашылық және сыни ойлау, даулы жағдайларды дипломатиялық жолмен шешу қабілеттерін қалыптастыру мақсатында «Парасат» дебат клубы мүшелері арасында 4 қыркүйек күні 9-11 сыныптар арасында "ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЕКТ ЖӘНЕ САНДЫҚ ЭТИКА" атты республикалық пікірсайыс турнирінің мектепшілік кезеңі өтті. "Ақиқат" фракциясы жеңіске жетіп, аудандық кезеңге жолдама алды.



24 қыркүйек күні «Ұшқыр ой алаңы», «Парасат» дебат клубының ұйымдастыруымен «СЫР ЛИГАСЫ» жобасы аясында мектепшілік оқушылар пікірсайысы өткізілді. Ойын қарары «Бұл палата оқушыларға бірегей мектеп формасын кию міндетті деп есептейді»

Сайыста үкімет тарапынан:

1-спикер: Алдоңғар Расул


2-спикер: Аманбайқызы Назар

Ал оппозиция тарапынан:

1-спикер: Төлепберген Жұлдызай

2-спикер: Жауқаш Сымбат ойын өрнегін көрсеткен болатын.

Нәтижесінде үкімет позициясы жеңіске жетті. Жеңімпаздарды құттықтаймыз.



9 қазан күні «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» тақырыбымен пікірталас өткізілді.



Клуб мүшелерін сын тұрғысынан ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамыта отырып, қоғамның әлеуметтік-саяси бағдарланған азаматтары ретінде қалыптастыру мақсатында өткізілген жолдастық кездесулер оқу жылы барысында өз жалғасын таппақ.

14 қараша күні «Мен және менің құқықтарым» тақырыбында 8-11 сыныптар арасында пікірталас өткізілді.



